



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

П 017-1.76-2023


30.11.2023 ж.
№2 басылым

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 1 - 10

БИЗНЕС-ИНКУБАТОР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы, 2023 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.76-2023
		30.11.2023 ж. №2 басылым
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2 - 10

Алғысөз

- | | |
|--|--|
| 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН | ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ оқу-әдістемелік қызметі. |
| 2. ҚАЙТА БЕКІТІП
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗГЕН | ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесі.
30 қараша 2023 ж. №4 хаттама.
№2 басылым.
Министрліктің атауы өзгеруіне байланысты қайта бекітілді. |
| 3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ | |
| 4. ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ | 1 жыл |



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.76-2023

30.11.2023 ж.
№2 басылым

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 3 - 10

Мазмұны

1	Қолдану саласы.....	4
2	Жалпы ережелер.....	4
3	Бизнес-инкубатордың мақсаты мен міндеттері.....	4
4	Негізгі қызметі.....	5
5	Бизнес-инкубатор қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.....	5
6	Бизнес-инкубатордың жауапкершілігі.....	6
7	Креативті кәсіпкерлік жобалар мен стартаптарды құру және қолдау тетігі.....	6
8	Бизнес-инкубатордың құрылымы және басшылығы.....	7
9	Өзгеріс енгізу тәртібі.....	7
10	Келісу, сақтау және тарату.....	8
11	Келісу парағы.....	9
12	Танысу парағы.....	10



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.76-2023

30.11.2023 ж.
№2 басылым

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 4 - 10



«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
ҒҰМ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
30 қараша 2023 жыл, №4 хаттама

1. Қолдану саласы

1. Осы бизнес-инкубатор туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының (бұдан әрі – Академия) бизнес-инкубаторының мақсаттарын, міндеттерін, қызметінің негізгі бағыттары мен жұмыс принциптерін айқындайды.
2. Осы құжатталған рәсім ішкі құжат болып табылады және Академияның сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасының құрамына кіреді.

2. Жалпы ережелер

3. Бизнес-инкубатор Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жобалық бөлімшесі болып табылады және оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректорға бағынады.
4. Бизнес-инкубатордың жұмысын стратегиялық және жедел жоспарлауды бизнес-инкубатордың басшысы жүзеге асырады. Бизнес-инкубатордың жұмыс жоспарлары күнтізбелік жылға түзетулер енгізе отырып, оқу жылына қалыптастырылады. Жоспарлар бизнес-инкубатордың басшысымен жасалып, ғылыми жұмыс жөніндегі проректормен бекітіледі.
5. Бизнес-инкубатордың қызметі бойынша есеп академияның жұмыс жоспарларына сәйкес міндетті түрде оқу жылының қорытындысы бойынша ұсынылып, Ғылыми кеңестің отырысында тыңдалады.
6. Бизнес-инкубатор туралы ереже бизнес-инкубаторға жүктелетін мақсаттардың, тапсырмалардың, қызметтердің, міндеттердің, құқықтар мен жауапкершіліктің өзгеруіне сәйкес, сондай-ақ Академияның алқалы органдарының, жұмыс берушілердің немесе білім алушылардың ұсыныстары бойынша өзгертіледі және түзетіледі.

3. Бизнес-инкубатордың мақсаты мен міндеттері

7. Бизнес-инкубатор қызметінің негізгі мақсаты білім алушылар мен ПОҚ қатарындағы шығармашыл жастарға креативті кәсіпкерлікті және/немесе креативті стартаптарды дамытуға және оны іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.
8. Бизнес-инкубатор қызметінің негізгі бағыттары:



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Ереже
нормативтік құжат түрі

П 017-1.76-2023

30.11.2023 ж.
№2 басылым

Бет 5 - 10

- 1) бизнес-идеяларды генерациялауда, бизнес-құжаттаманы оқытуда және әзірлеуде оқу және оқу-әдістемелік қолдау көрсету;
- 2) білім алушылар әзірлеген жобаларды заңдық және экономикалық сүйемелдеуді қамтитын бастамаларды дамыту және қолдау;
- 3) бизнес-бастамалар мен стартап-жобаларды халықаралық, қазақстандық қоғамдық, мемлекеттік ұйымдармен, бірлестіктермен ынтымақтастық бойынша қолдау көрсету.

9. Қойылған мақсатқа жету үшін бизнес-инкубатор мынадай міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді:

- 1) креативті кәсіпкерлікті Академияның білім алушылары арасында түлектерді жұмысқа орналастырудың негізгі түрлерінің бірі ретінде танымал ету.
- 2) білім алушыларды кәсіпкерлік дағдыларды дамыту үшін жобаларды әзірлеуге тарту және ынталандыру үшін кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру;
- 3) креативті кәсіпкерлік жобалар/стартаптар банкіні қалыптастыру.

4. Негізгі қызметі

10. Бизнес-инкубатор келесі қызметтерді орындайды:

- 1) креативті кәсіпкерлік жобаларды сұрыптау және іріктеу, оларды инкубациялау үшін бизнес-командалар құру, сондай-ақ оларды іске асыруға қолдау көрсету;
- 2) бизнес-командалар мен олардың жобаларын бастапқы даму кезеңінде, сонымен қатар қаржыландыру көздерін табу бөлігінде қолдау;
- 3) бизнес-инкубациялау бойынша қызметтер көрсету, соның ішінде оқытуды ұйымдастыру, консультациялық, ақпараттық және өзге де қызметтер көрсету, үй-жайларды, жұмыс орындарын, жиһаз, компьютерлік және ұйымдастыру техникасын, байланыс құралдарын және т.б. ұсыну;
- 4) білім алушылардың зияткерлік қызметінің нәтижелеріне сараптама жүргізуді ұйымдастыру;
- 5) білім алушылардың ШОБ конкурстары мен көрмелеріне және әртүрлі деңгейдегі стартаптарға қатысуын ұйымдастыру.

5. Бизнес-инкубатор қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

11. Бизнес-инкубатор басшысының құқығы:

- 1) Академия қызметкерлерінен бизнес-инкубатор жұмысында қолданылатын білім алушылардың шығармашылық қызметінің нәтижелері туралы мәліметтерді белгіленген нысан бойынша сұратуға;



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.76-2023

30.11.2023 ж.
№2 басылым

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 6 - 10

- 2) академияның құрылымдық бөлімшелерінен бизнес-инкубаторға өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды белгіленген нысан бойынша орындау үшін қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;
- 3) қажетті байланыстарды орнатуға, ақпаратты ілгерілетуге және алуға ықпал ететін семинарларға, форумдарға, конкурстарға, көрмелерге қатысуға;
- 4) бизнес-инкубатордың құзыреті шегінде шешімдер қабылдауға, академия басшылығына бизнес-инкубатордың құзыреті мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге.

12. Бизнес-инкубатор қызметкерлерінің құқықтары қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

13. Бизнес-инкубатор қызметкерлерінің міндеттері лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген әрбір қызметкердің лауазымдық міндеттерімен дербес анықталады.

6. Бизнес-инкубатордың жауапкершілігі

14. Бизнес-инкубатордың қызметкерлері ҚР қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен бизнес-инкубатордың осы Ережеде көзделген қызметтері мен міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін жауапты болады.

15. Бизнес-инкубатор басшысына дербес жауапкершілік жүктеледі:

- 1) өз міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе ҚР қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен орындамағаны үшін.
- 2) ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Академияға залал келтіргені үшін.
- 3) жоғары тұрған басшылықтың тапсырмаларын немесе ғылыми кеңестің, ректораттың шешімдерін уақытылы орындамағаны үшін.

7. Креативті кәсіпкерлік жобалар мен стартаптарды құру және қолдау тетігі

16. Стартап – бұл шығармашылық идеялар мен жобаларды құру және коммерцияландыру мақсатында Академия жанынан құрылған инновациялық құрамдас бөлігі бар шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

Академияның стартаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және осы ереже шеңберінде құрылады.

17. Креативті кәсіпкерлік жобалар мен стартаптардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды нысанды құру және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру болуы тиіс.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.76-2023

30.11.2023 ж.
№2 басылым

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 7 - 10

18. Бизнес-инкубатор және ШОБ ұйымы немесе стартап атынан олардың басшылары арасында тараптардың құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі егжей-тегжейлі айтылған шарт жасалады.

19. Бизнес-инкубатор Академияның стартап-командаларға үй-жайлар мен жабдықтар, консультациялық және білім беру қызметтерін ұсыну жолымен креативті кәсіпкерлік жобалар мен стартаптарға олардың бастапқы дамуы кезеңінде үш жылдан аспайтын мерзімде қолдау көрсетеді.

20. Құрылған жағдайда стартап-команда және/немесе креативті кәсіпкерлер міндеттенеді:

1) жобаны іске асыру кезінде Академияның мүдделерін сақтауға, атап айтқанда креативті кәсіпкерлік жоба және/немесе стартап құрылған жағдайда Академияны құрылтайшылар құрамына кемінде бір адам үш жылдан аспайтын бастапқы даму кезеңіне енгізуге;

2) жоба Академияның бизнес-инкубаторының жобасы болып табылатынын түрлі жарияланымдарда (афишаларды, пресс-релиздерді, мақалаларды және т.б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей), сондай-ақ инкубациялау кезеңінде және аяқталғаннан кейінгі үш жыл ішінде әлеуметтік желілерде және басқа да БАҚ-та көрсетуге міндетті.

8. Бизнес-инкубатордың құрылымы және басшылығы


21. Бизнес-инкубатор бизнес-инкубатордың басшысынан, қызметкерлерден тұрады: екі арт-менеджер. Бизнес-инкубатор басшысының және қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықта айқындалған. Бизнес-инкубатор басшысының және қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

9. Өзгеріс енгізу тәртібі

22. Ережеге өзгерістер енгізу «Құжаттаманы басқару» ДП 025-2017 және «Ережелерді әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі» СО-2017 сәйкес жүргізіледі.

23. Осы Ережеге өзгерістер енгізуді әзірлеуші ережені әзірлеу және бекіту тәртібі секілді жүзеге асырады.

24. Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесінің қызметкері Ереженің түпнұсқасы ісіне оны ауыстыру туралы бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсете отырып, «Күшін жойды» деген жазба жасайды. Жойылған құжаттың түпнұсқасын стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкерлері сақтау үшін мұрағатқа тапсырады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.76-2023
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	30.11.2023 ж. №2 басылым
		Бет 8 - 10

10.Келісу, сақтау және тарату

25. Осы Ережені келісу ғылыми жұмыс жөніндегі проректормен, оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен, оқу процесін ұйымдастыру және мониторинг қызметі басшысымен, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысымен, заң бөлімінің басшысымен, стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысымен жүзеге асырылады және «Келісу парағы» жеке нысанда ресімделіп, құжаттың түпнұсқасымен бірге сақталады.
26. Осы Ережені (түпнұсқаны) стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөліміне сақтауға беру үшін әзірлеуші жауапты болады.
27. Осы Ереженің жұмыс данасы оқу-әдістемелік қызметте, сондай-ақ академия сайтында еркін қол жетімді болады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.76-2023

30.11.2023 ж.
№2 басылым

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 9 - 10

Келісу парағы

Әзірлеген:		
Оқу-әдістемелік қызметі басшысы		Ж.А.Джумадилова
Келісілген:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш.А.Амирбеков
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		К.З.Халыков
Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы		Б.К.Турдалиева
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысы		А.А.Кульшанова
Заң бөлімінің басшысы		Г.Д.Сеитбекова
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		А.Е.Молдабаева



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Ереже
нормативтік құжат түрі

П 017-1.76-2023

30.11.2023 ж.
№2 басылым

Бет 10 - 10

Танысу парағы

№	Аты-жөні	Қызметі	Күні	Қолы
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
15				